

Үрленетін мұнара 5 астынан өнімдерді процестің екінші сатысына бағыттайды.

Бірінші сатының өнімі 10-мұнарадан шығатын рециркулятпен және сутекпен (жаңа және рециркуляцияланған) бірігіп, қызғаннан кейін төмен ұмтылатын ағыммен екінші сатылы реакторға 6 түседі. Әдетте бір өткенде шикізаттың жұмыстық айналу процесі 60%-ды құрайды. Берілген түрлену дәрежесін ұстап тұру үшін жұмыс циклінің мерзімінде процестің температурасын шамалап арттырады. Жылу алмастырғыштан және салқындатқыштан кейін өнім екінші сатылы жоғарғы қысымды газосепараторға 3 өтеді. Бұл сепаратордан шығатын газдық фазаны компрестен қайтадан процеске қайтарады. Сұйықты төмен қысымды сепараторға 8 бағыттайды. Одан алдын ала көмірсутекті газды бөледі. Бұл газдың жартысын колоннадағы 5 процестің бірінші сатысының гидрогенизатын үрлеуге қолданады. Төмен қысымды сепаратордың сұйық фазасын салқындатады және тұрақтандыру мұнарасына 9 бағыттайды. Тұрақталған өнімді бензиндік мұнарада 10 ректификациялайды. Жеңіл бензин колоннаның төбесінен кетеді, ауыр бензин бүйір погон ретінде шығарылады. Егер қондырғы бензинді вариантпен жұмыс жасаса, мұнараның 10 қалдығы толық өндірілуге дейін рециркуляцияланады. Реактивті және дизельді отынды алғанда сәйкес фракцияларды бүйірлік қумалар ретінде шығарылады, ал мұнарадан қалдық қайта гидрокрекингтеуге немесе каталитикалық крекингке кетеді. Бүйірлік қумалар қондырғыдан шығуынан бұрын буландыру секциясынан өтеді. Арнайы сутекті қондырғыдан немесе екі қондырғыдан бірдей риформинг қондырғысынан сутекті гидрокрекинг процесіне береді. «Изомакс» қондырғысының қысу компрессорларына түсудің алдында сутекті 4А немесе 5А молекулалық елеуіштерінде судың және аммиактың қоспаларынан тазартады.

Процестің технологиялық режимін және гидрокрекинг сұйық өнімдерін ректификациялау жағдайларын өзгертіп, гидрокрекингтің бірақ қондырғысында бағыты әр түрлі процестерді іске асыруға - бензиндерді, реактивті немесе дизельді отынды басым етіп алуға болады.

3.4.6.2. Гидрокрекинг және гидроизомерлеу арқылы майларды өндіру

Селективті немесе адсорбциялық тазарту әдістермен салыстырғанда майларды өндірудің гидрогендік әдісінің басымдылығы тұтқырлықтың шамасы жоғары индексіне және